**Keywords:** *criminal misconduct, administrative offence, liability, punishment, level and hierarchy of normative legal acts, criminal record, fine.*

#### Кіріспе

Жалпы ауырлықтарына қатысты төменнен жоғарыға қарай есептегенде тұлғаның азаматтық-құқықтық, материалдық, тәртіптік, әкімшілік-деликттік және қылмыстық жауаптылықтары бар екені баршаға мәлім.

Қылмыстық жауаптылықтың өзі «теріс қылықтың» және «қылмыстың» жасалуына байланысты екіге бөлінеді. Оларды бір-бірінен қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне байланысты ажыратады.

Қылмыстық теріс қылық ұғымы 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен (бұдан әрі – ҚР ҚК) бір мезгілде пайда болды және бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді [1].

Тәжірибеде кездесетін кейбір мәселелерге зер салып қарасақ, осы теріс қылықтың жазасы мен жауаптылығы бұрыннан

қолданыста келе жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтардан гөрі бәсеңдеу екенін әбден байқауға болады.

Зерттеу жүргізу барысында «қылмыстық теріс қылық» пен «әкімшілік құқық бұзушылық» бойынша көзделген жауаптылықтың арасында едәуір қарама-қайшы келетін тұстарының бар екені анықталды.

Сол себепті, кейбір теріс қылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауаптылық пен жазаның мөлшері мен мерзімі кінәлі тұлғаның жеке басына сай келмейтін тұстарына салыстырмалы түрде мысалдар келтіріліп, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру мақсатында оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

#### Материалдар мен әдістер

Тақырыпты ашу барысында қылмыс-

тық теріс қылықты (қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған әрекет не әрекетсіздік) және әкімшілік құқық бұзушылықты (жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі) реттейтін заңнамаларды, атап айтқанда ҚР ҚК және 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі – ӘҚБтҚРК), сондай-ақ олардың нормаларын тәжірибеде қолданудың кейбір мәселелері салыстырмалы түрде зерделенді. Автор құқықтық болмысты танудың салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, жүйелі-құрылымдық және т.б. талдау әдістерінің көмегіне жүгінді.

### Нәтижелер, талқылау

1. ӘҚБтҚРК-нің 61-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жазаны орындау аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері жасаған, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша – үш жыл ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі [2].

Ал, ҚР ҚК-нің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы-

ның 2-бөлігінің 3) тармағына сәйкес барлық кодекстер, соның ішінде ҚР ҚК және ӘҚБтҚРК саты (иерархия) бойынша бір деңгейде тұр [3].

Айта кететін жәйт, ешбір заңнамада қай кодекстің (әкімшілік құқық бұзушылықтар, қылмыстық теріс қылықтар) деңгейі жоғарырақ екені нақты көрсетілмеген.

Мысалы, тұлға бір күннің ішінде (15.01.2024 ж.) әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылық жасайды. Әрине, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылық істері бөлек соттармен қаралады. Осы екі бөлек кодексте көзделген әрекеттері үшін соттар оған айыппұлдар (қаулы 18.01.2024 ж.; үкім 31.01.2024 ж.) салды делік.

Бұдан соң, тұлға екі айыппұлды да (01.02.2024 ж.) төлеген кезде – қылмыстық теріс қылық бойынша оның сотталғандығы жоқ, ал әкімшілік іс бойынша бір жыл ішінде (01.02.2025 ж. дейін) жазаға тартылған деп есептеледі.

Оның үстіне, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін жауаптылық ауырырақ, жаза мөлшері көбірек болып келеді.

Осылайша, әкімшілік жауаптылықтың іс жүзінде қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жауаптылықтан да едәуір үлкен күшке ие екенін көруге болады.

Олардың айырмашылықтары тек шығарылатын үкім мен қаулыда ғана.

Жоғарыда аталған Заңның 12-бабының 3-бөлігіне сәйкес бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде қолданысқа кешірек енгізілген акт нормалары немесе қолданысқа кешірек енгізілген актіге сәйкес келетін норма қолданылады.

ҚР ҚК және ӘҚБтҚРК бір күнде (2015 жылғы 1 қаңтар) қолданысқа енгізілді.

Біздің ойымызша, заңнамаларда кодекстердің нақты иерархиясы көзделмесе де,

қылмыстық кодекс әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен әлдеқайда жоғары тұруы тиіс.

Теріс қылық бойынша ең ауыр жаза ретінде «қамаққа алу» көзделгенімен, ҚР ҚК-нің 467-бабының 1-1-бөлігінің талабына сәйкес оның қолданылуы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылып тұр.

Ал, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындау еш қиындық тудырмайды. Өйткені, әр ауданда бұл жазаны орындайтын арнайы қамау орындары бар.

Тағы бір ерекшелігі, қылмыстық теріс қылық үшін жаза тағайындалған соң қайталап теріс қылық жасаған тұлғаға «бірнеше рет жасау» саралаушы белгісі тағылмайды.

Арнайы заңнамамен бекітілмесе де, ӘҚБтҚРК-нің сатылық деңгейінің ҚР ҚК-нен төмен тұратынын білдіретін (дәлелдейтін) бірқатар нормаларды атап өтейік.

Мысалы, ӘҚБтҚРК-нің Ерекше бөлігінің көптеген баптарының диспозицияларында «егер бұл әрекетте (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса», «егер осы іс-әрекеттер заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса» деген сөз тіркестері жазылған.

Бұл жөнінде ӘҚБтҚРК-нің 25-бабының 2-бөлігінде «осы Кодекстің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды» - деп нақтыланған.

Ал, осы Кодекстің 62-бабының 6-бөлігіне сәйкес, құқық бұзушының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бол-

ған кезде қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, тұлға оны тоқтату туралы шешім келіп түскен күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, әрекеттің қылмысқа, теріс қылыққа немесе әкімшілік құқық бұзушылыққа жататыны келтірілген зиянның мөлшеріне қарай да анықталады.

Мысалы, жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянның сот-медициналық сараптама қорытындысымен ауырлығы орташа екені анықталса – қылмыстық (ҚР ҚК-нің 107-бабы), ал жеңіл болса – әкімшілік (ӘҚБтҚРК-нің 73-1-бабы) жауаптылық көзделеді.

Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы контрабандалық жолмен өткізген адамның әрекеттері тауарлардың құны он мың айлық есептік көрсеткіштен асса (ірі мөлшер) – ҚР ҚК-нің 234-бабы бойынша, ал бұл мөлшерден төмен болса – өткізу тәсіліне қарай ӘҚБтҚРК-нің 548-551-баптары бойынша сараланады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес өткен 2023 жылы республика бойынша соттармен 320923 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Ал, қылмыстық теріс қылық жасап, жауапқа тартылғандардың саны – небәрі 3999.

Осыған орай, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылықтың сотталғандық (жауапқа тартылғандық) мерзімдерін теңестіре отырып, ҚР ҚК-нің 79-бабының 2 және 3-бөліктеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, оларды мынадай жаңа редакцияда қабылдау қажет деп санаймыз:

<b>Қолданыстағы редакция</b>	<b>Ұсынылатын редакция</b>
2. Жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.	<b>2. Жазадан босатылған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.</b>

<p>3. Сотталғандық:</p> <p>1) шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң;</p>	<p>3. Сотталғандық:</p> <p><b>1) қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін бір жыл өткен соң;</b></p> <p>2) шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң;</p> <p>3) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны іс жүзінде өтеген соң;</p> <p>4) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң;</p> <p>5) ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң;</p> <p>6) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады.</p>
---	---

2. Бұдан басқа, ҚР ҚК-нің 366-бабы мен ӘҚБтҚРК-нің 667-бабының арасында құқықтық қарама-қайшылық (коллизия) бар екенін атап өткен жөн.

ҚР ҚК 366-бабының ескертуінде «егер сыйлықтың құны екі АЕК-тен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады» деп көрсетілген.

Бұл әрекетті жасаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері қылмыстық айыппұл жазасынан да ауыр болып келеді.

Мәселен, ӘҚБтҚРК-нің 677-бабының санкциясында артық та, кем де емес 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салу жазасы көзделген.

ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігінің санкциясына сәйкес, сотталушы мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2024 жылғы АЕК 3692 теңгені құрайды. Ал, екі АЕК 7384 теңгеге тең.

Пара мөлшеріне жетпейтін 7383 теңге заңсыз материалдық сыйақы алған тұлғаға салынатын әкімшілік айыппұл түріндегі

600 есе АЕК – 2.215.200 теңгені құрайды. Ал, 7385 теңге параның 20-дан 50 есеге де-

йінгі қылмыстық айыппұл мөлшері 147.700 - 369.250 теңге аралығында салынады.

Құқық бұзушылық түрі	Баптың санкциясында көзделген айыппұл жазасы	Алған заңсыз сыйақы (параның) мөлшері	Салынатын айыппұл мөлшері
ӘҚБтҚРК-нің 677-бабы: заңсыз материалдық сыйақы алу	600 АЕК мөлшерінде	7383 теңге (2 АЕК-тен төмен)	<b>2.215.200</b> теңге (600*3692=2.215.200)
ҚР ҚК-нің 366-бабы: пара алу	параның 20 еселенгеннен 50 еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде	7385 теңге (2 АЕК-тен жоғары)	147.700 - <b>369.250</b> теңге аралығы (7385*20=147700) (7385*50=369250)

Бұл жерде де, салынатын айыппұл сомасының мөлшері бойынша қылмысқа қарағанда әкімшілік жазаның ауырлығын көруге болады. Яғни, 44304 (2.215.200/50=44304) теңгеге дейін пара алып қылмыс жасаған тұлғаның жазасы

әкімшілік жазадан төмен болады дегенді білдіреді.

Осыған орай, ӘҚБтҚРК-нің 677-бабының санкциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және оны келесі редакцияда жазуды ұсынамыз:

Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция
алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады	алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады

3. Осы мақаланың 1-2 бөліктерінде көрсетілген мәселелер бойынша қазіргі кезде барлық кодекстер бір деңгейде болуына байланысты құқықтық актілердің сатысын айқындайтын ең негізгі құжат

– «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 10-бабын төмендегідей жаңа 6-бөлікпен толықтыру қажет деп есептейміз:

Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция
10-баптың 6-бөлігі жоқ	<b>6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен бір саты жоғары тұрады</b>

Л.Т. Жанұзақованың ойынша нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаттары мен нормаларына сәйкес құрылуға, логикалық тұрғыдан тексерілуге, қарама-қайшы емес және аяқталған болуға тиіс. Қазақстан Республика-

сының «Құқықтық актілер туралы» Заңы – нормативтік құқықтық актілерге қойылатын негізгі талаптарды, оларды әзірлеу мен қабылдау процедураларын белгілейтін негіздемелік заң болып табылады. Онда бекітілген нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы қайта ойла-

стыруды және қайта қарауды қажет етеді [4].

Ол өзінің еңбегінде кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар кодекстермен бір деңгейде тұру қажеттігін және т.б. өзекті мәселелерді атап өткен.

4. Көршілес Қырғызстан Республикасының 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енген «Теріс қылық туралы» кодексі 2021 жылғы 21 қазандағы Заңмен 2021 жылғы 1 желтоқсанда күшін жойған. Бұл кодекс Қылмыстық кодекстен бөлек қабылданғанымен, небәрі 3 жылға жуық қолданыста болған [5].

Бұл заңнама жобасының бастамашылары теріс қылықтар туралы кодексті тәжірибеде қолдану кезінде құқық қорғау және сот органдарында теориялық ережелердің коллизиялары мен қарама-қайшылықтарына байланысты қиындықтар туындағанын түсіндірген.

Ал, Қазақстанда ҚР ҚК-нің теріс қылықтар туралы нормалары 9 жылдан астам уақыт бойына ешбір қиындықсыз қолданылып келеді. Сондықтан, теріс қылықтарға

қатысты заң нормаларын жетілдірумен ғана шектелуге болады.

### **Қорытынды**

Жоғарыдағылардың негізінде әкімшілік пен қылмыстық құқық бұзушылықтардың ара-жігін ажыратып, қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қарай қай құқық бұзушылықтың ауырырақ екенін айқындап алу ең негізгі міндет деп санаймыз.

Себебі, Қылмыстық кодекске теріс қылық ұғымы қосылғалы оның жазасы мен жауаптылығы жағынан әкімшілік құқық бұзушылықтан еш айырмашылығы болмай қалды. Керісінше, әкімшілік жауаптылыққа қарағанда оның едәуір төмен екендігі жөнінде жоғарыда нақты мысалдармен атап өттік.

Сондықтан, барлығы болмаса да, жауаптылықты көздейтін кейбір кодекстердің (ҚР ҚК мен ӘҚБтҚРК) заңдық күшіне қарай алатын орны мен арнайы сатысы (иерархиясы) болуы және олар міндетті түрде заңмен бекітілуі тиіс деген пікірге келеміз.

### **Пайдаланған қайнар көздер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226>;
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>;
3. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы, №480-V 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z1600000480>.
4. Л.Т. Жанұзақова Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы туралы // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы ғылыми-құқықтық журналы - №2 (69)-2022, С. 32-39, <https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/530/677>
5. Қырғызстан Республикасының Теріс қылықтар туралы кодексі, 2017 жылғы 24 қаңтарда қабылданған, 2021 жылғы 28 қазандағы №126 Заңмен күшін жойған, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34166859](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34166859).

**«АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ:  
ТЕОРИЯСЫ, БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»  
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ V ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫНАН  
Астана, 2023 жылғы 1 желтоқсан**

---

**ИЗ МАТЕРИАЛОВ V ЕВРАЗИЙСКОГО ФОРУМА  
ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА «ПРАВА ЧЕЛОВЕКА И ИХ ЗАЩИТА:  
ТЕОРИЯ, РЕАЛЬНОСТЬ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ»  
Астана, 1 декабря 2023 года**

---

**FROM THE V EURASIAN FORUM ON HUMAN RIGHTS  
«HUMAN RIGHTS AND THEIR PROTECTION: THEORY,  
REALITY AND DEVELOPMENT TRENDS»  
Astana, December 1, 2023**

---

УДК 340.12.(574)

**ИБРАГИМОВ Жамаладен Ибрагимович**

*Заң ғылымдарының докторы, профессор, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

**ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ҚОРҒАУДЫҢ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ**

**Аннотация.** Ғылыми мақала құқықтың үстемдігі, оның тұжырымдама және құқықтық құбылыс ретінде пайда болу тарихы мәселелеріне арналған. Құқықтың үстемдігі барлық мемлекеттер ұстануға тиіс адам құқықтарын қамтамасыз етудің әмбебап қағидаты ретінде қарастырылады. Құқықтық табиғат, құқық үстемдігінің тетік ретіндегі мазмұны, құқықтық құбылыстар және қазіргі адам құқықтарына тұжырымдамалық көзқарас талданады. Мемлекеттің негізгі заңының құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі зерттелді және анықталды. Талдау нәтижесінде адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін және тиімді заңнамалық процедураны белгілейтін заңнаманың мінсіз жүйесін қалыптастыру демократиялық қоғам құру үшін жеткіліксіз екендігі анықталды. Құқық үстемдігі қағидаты іс жүзінде қамтамасыз етудің жалғыз құралы және бақылау-адам құқықтарын қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

**Түйін сөздер:** заң, құқық, мемлекет, азамат, адам, қорғау, тетік, үстемдік, сот, билік.

**ИБРАГИМОВ Джамаладдин Ибрагимович**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, доктор юридических наук, профессор кафедры конституционного и гражданского права*

## ВЕРХОВЕНСТВО ПРАВА КАК МЕХАНИЗМ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

**Аннотация.** Научная статья посвящена вопросам верховенства права, истории его возникновения как концепции и правового явления. Верховенство права рассматривается в качестве универсального принципа обеспечения прав человека, которого должны придерживаться все государства. Проанализированы правовая природа, содержание верховенства права как механизма, правовые явления и концептуальный подход к современным правам человека. Изучена и определена роль Основного закона государства в обеспечении верховенства права. В результате анализа выявлено, что простого формирования совершенной системы законодательства, закрепляющей основные права и свободы человека и устанавливающей эффективную законодательную процедуру, недостаточно для построения демократического общества. Принцип верховенства права является фактически единственным средством обеспечения и контроль-гарантией обеспечения прав человека.

**Ключевые слова:** закон, право, государство, гражданин, человек, защита, механизм, суд, власть.

**IBRAGIMOV Jamaladdin Ibrahimovich**

*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Doctor of Law, Professor of the Department of Constitutional and Civil Law*

## THE RULE OF LAW AS A MECHANISM FOR PROTECTING HUMAN RIGHTS

**Annotation.** The scientific article is devoted to the issues of the rule of law, the history of its emergence as a concept and legal phenomenon. The rule of law is considered as a universal principle of ensuring human rights, which all States must adhere to. The legal nature, the content of the rule of law as a mechanism, legal phenomena and a conceptual approach to modern human rights are analyzed. The role of the Basic Law of the state in ensuring the rule of law has been studied and determined. The analysis revealed that the simple formation of a perfect system of legislation that enshrines fundamental human rights and freedoms and establishes an effective legislative procedure is not enough to build a democratic society. The principle of the rule of law is in fact the only means of ensuring and control is a guarantee of ensuring human rights.

**Key words:** law, right, state, citizen, person, protection, mechanism, court, power.

### **Кіріспе**

Бүгінгі цифрлы өркениет заманында адам құқықтарын қамтамасыз етудің тетігі құқықтың үстемдігі болып табылады. Осы орайда Қазақ елінің жариялы-құқықтық дамуының заманауи дамуын ескере отырып, заң ғылымындағы бұл мәселеге толыққанды зерттеу жүргізілмегендіктен, құқық үстемдігінің адам құқықтарын қорғаудың

тетігі ретіндегі негізін талдау автор үшін өзекті және теориялық және тәжірибелік жағынан болашағы бар деп есептеледі. Бұл ғылыми мақала құқық үстемдігіне көңіл аудартып, біздің ойымызша қазіргі заманғы мемлекеттегі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау үрдісінде лайықты темірқазық болып табылады. Ғылыми зерттеудің мақсаты – адам құқықтарын қорғау тетігі

ретінде құқық үстемдігінің қалыптасуын, оның әділетті мемлекетті қалыптастырудағы негізгі белгілері мен сипатын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай зерттеу міндеттері қойылады:

-құқық үстемдігінің тарихи дамуы мен бүгінгі түсінігінің ерекшелігін зерделеу;

-әділетті мемлекет қалыптастырудағы құқық үстемдігін танудың заманауи тәсілдерін зерттеу;

-құқық үстемдігінің адам құқықтарын қорғау тетігі ретіндегі рөлін анықтау;

-негізгі заңның құқық үстемдігін қалыптастырудағы рөлін талдау;

-әділетті қоғам орнатудағы құқық үстемдігінің рөлі мен орнын қарастыру.

#### Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеудің әдістемесін таңдауда автор зерттеу пәнінің көпқырлылығын ескерді. Ғылыми мақалада қарастырылған мәселелер пәнаралық болып табылады және ол саяси құқықтық ілімдер, конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясымен байланысты. Сондықтан да автор зерттеу жүргізуде әдістердің кең көлемін пайдаланды. Ғылыми мақаланың әдістемелік негізін тарихи-құқықтық, нарративті-талдау, салыстырмалы-құқықтық әдістер құрады. Сонымен қатар зерттеу барысында формальды-құқықтық, лингвистикалық және жүйелік әдістер қолданылды.

#### Нәтижелер, талқылау

Ғылыми мақаланы жазу барысында осы бағытта еңбек жазған отандық мынадай ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды: Айтхожин Қ.К., Баймаханов М.Т., Баймаханова Д.М., Бусурманов Ж.Д., Ибраева А.С., Жакаева Л.С., Сапарғалиев Г.С., Ударцев С.Ф.

Сонымен қатар, шет елдік ғалымдардың еңбектеріндегі құқықтық мемлекет, мықты мемлекет, заң үстемдігі сияқты мәселелер зерделенді, ол ғалымдарды атайтын болсақ: Алексеев С.С., Тихомиров Ю.А., Керимов А.Д., Лейст О.Э., Матюхин А., Малько

А.В., Марченко М.Н.

Осы заңгер-ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, өзіміздің пайымдауларымызды ұсынамыз.

Қазіргі замандағы құқық үстемдігі адам қорғаудағы басты қағидат болып табылады. Өйткені жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұру үшін мемлекеттік қызметті сапалы түрде көрсететін лауазымды адамдар болуы қажет. Олардың құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен жетілдірудегі негізгі темірқазық ретінде заң шеңберінде қызмет етуді көрсетеміз. Құқық үстемдігі бүгінгі таңда мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Өйткені құқық үстемдігі сақталмай, реформалардың жүзеге асырылуы қиынға соғады. Осы орайда, бұл мәселені жан-жақты талдау, зерделеу заң ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл қағидатты, ең алдымен, ұстанатын – мемлекеттік қызметшілер. Сондықтан да, бұл принциптің жүзеге асырылуына да мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті үлкен рөл атқарады.

Мемлекет қызметінің бағыты адам құқығының басымдылығынан туындауы тиісті. Себебі, мемлекет өкімет органдарының басты міндеті – адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау болып табылады. Сондықтан, адамға байланысты оның құқықтық жағдайын анықтайтын құқықтық нормалардың маңызы өте зор [1,1 б.].

Адам мен адамзаттың құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі) дегеніміз, әдеттегінше, оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ та оған өзгеше құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармауымыз керек. Олар – азаматтық қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері. Адамның құқықтары мен

міндеттері көптеген құқық салаларында тұжырымдалған. Солардың ішінде адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың құқықтық мәртебесінің негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени), конституциялық міндеттер. Бұл адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Құқықтық мәртебенің негіздері адамның қоғамдағы жағдайын анықтауда басты шешуші рөл атқарады, өмірлік маңызы бар, мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-тарауында берілген (10-39-баптар) [2, 3 б.].

Адамның құқықтық жағдайы мұнымен шектелмейді. Азаматтардың өзге құқықтары мен міндеттері көптеген әр түрлі құқық салаларында тұжырымдалады, бірақ та бұлар негізгі құқықтарға, бостандықтар мен міндеттерге бағынышты, оларды одан әрі дамытуға және нақтылана түсуіне бағытталған. Адам мен азаматтық құқықтық жағдайына мінездеме беру үшін, алдымен, адам, тұлға, азамат ұғымдарының арақатынасын ажыратуымыз, олардың конституциядағы құқықтық мәртебесінің принциптерін және негізгі белгілерін анықтауымыз қажет. Осы мәселеге талдау жасамастан бұрын «адам», «тұлға» және «азамат» ұғымдарын айқындап алу керек. Кейбір еңбектерде адам, тұлға, азамат ұғымдары олардың арасында белгілі бір айырмашылық бар болса да, бірқатар жағдайда бір мәндес сөздер ретінде қолданылады. «Адам» ұғымы жеке адамның биологиялық әлеуметтік табиғатын білдіреді. Оны тірі жәндіктің өкілі ретінде қарауға тиіспіз. Биологиялық жаратылыс ретінде «саналы адам» (*homo sapiens*)

деңгейіне жеткен адам дамуы өте баяу өтеді. Мыңдаған жылдар бойы адам денесінің анатомиялық құрылысы, оның ағзасы өзгерген жоқ десе де болады. Ал әлеуметтік яки тұлға сипатындағы тұрғыдан алғанда адам дамуының орасан зор өрлеу жолынан өтті. Кез-келген нақты адам тұлға болып саналады және ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады.

Тұлға дегеніміз – нақты қоғамдық-экономикалық құрылымның мүшесі ретінде адамды сипаттайтын ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Тұлғаның қайталанбас даралығы адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының өкілі ретінде адамға тән кейбір ортақ белгілерді де қамтиды: оларға ұлты, кәсібі, әлеуметтік жағдайы және оның қоғамда алатын орны, жауаптылығы, тағысын тағы жатады. Тұлғаның осындай жалпы сипаттарының жиынтығы оның әлеуметтік бейнесін айқындайды. Дәлірек айтсақ, жұмысшының, ғалымның, саясаткердің, зейнеткердің, қылмыскердің тұлғасы туралы айтуға болады [3, 2 б.].

Қазақстан Республикасында тұлға нарықтық қатынастарға өту жағдайында материалдық игіліктер өндірісі саласында, оны бөлу мен айырбастау жоғары деңгейдегі еркіндікті иеленеді. Қазіргі уақытта әрбір азамат өнеркәсіп кәсіпорнының, сауда мен өзге қызмет көрсету салаларындағы кәсіпорындардың жеке немесе ұжымдық меншік иесі яки орташа немесе ірі бизнесмен бола алады. Бірақ өмірде кездесетін белгілі бір объективтік не субъективтік жағдайларға байланысты адам өзін тұлға ретінде сезінбеуі де мүмкін. Оған мысал ретінде адамның жүйке жүйесінің ауруына байланысты оны сот іс-әрекетке қабілетсіз деп тануын алсақ та жеткілікті [3, 34 б.].

Азамат ұғымы публистикалық мағынасында жиі қолданылады, ол адам – өз Отанының ұлы немесе қызы деген ұғымды білдіреді. Басқаша мағынасында бұл ұғымы

адамның кез-келген мемлекетпен емес, тек өз елімен ғана құқықтық байланыста екендігін аңғартады (мәселен, адамның монархиялық мемлекетпен құқықтық байланысы «бодан» ұғымымен сипатталады). Оның тығыз байланыстылығын мынадан көруге болады: мемлекет азаматтарға толық құқықтары мен бостандықтарын белгілеп берсе, ал азаматтар заңды түрде белгіленген сыйлықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу, т.с.с. жүзеге асырады.

Қолданыстағы Конституцияда «азамат» термині қолданылған кезде Қазақстан Республикасының азаматы жиі айтылады. Мәселе мынада: басқа мемлекеттерде тұратындар сияқты Қазақстан аумағында тұрып жатқандардың бәрі бірдей оның азаматы болып табылады. Олардың арасында шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар болуы мүмкін. Олардың құқықтары мен бостандықтарының сол мемлекет азаматтарына қарағанда аздығы – мысалы, кейбір саяси және әлеуметтік экономикалық құқықтардың, соның ішінде сайлауға не сайлануға, әскер қатарына алынуға, жоғары лауазымды қызметке көтерілуіне болмайтындығы. Жалпы алғанда, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады [4, 25 б.].

Адамның өмір сүру құқығын іс жүзіне асырған кезде оның туу фактісі ғана қажет, ал оның азамат пен тұлға қасиеттеріне ие болу міндетті емес. Бұдан басқа құқықтарды іс жүзіне асырған кезде адамның тұлға, азамат болуы шарт.

Адамның жиынтық заңдық атауы түрінде «азамат» ұғымы Аристотель заманынан бері белгілі. Ежелгі орыс тілінде «азамат» сөзі қалалық тұрғынын айқындау үшін

қолданылады. XVII ғасырлардың аяғынан бастап бұл сөз қалалық тұрғындар жөнінде ғана емес, осы мемлекеттің кез келген тұрғынына қолданылатын болады [5, 69-75 б.].

Қазіргі қазақ, орыс тілдерінде азамат сөзі осы мемлекеттің тұрақты халқына жататын, заңда белгіленген құқықтарды пайдаланатын, сондай-ақ барлық міндеттерді орындайтын адамға қатысты айтылады. Сөздің осы аталған мәні Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы (1991 жылғы желтоқсанның 20-сы) Заңның негізінде алынады. Сөйтіп, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі дегеніміз – бұл жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жиынтығы, сонымен қатар оларды іс жүзіне асырудағы құқық нормаларында бекітілген заңды кепілдіктер.

Құқық пен бостандықтың тарихи дамуында үш толқын айқын бөлінеді. Оның біріншісі – конституционализм ағымынан көрінеді. Ол кезде конституциялық актілерде құқық пен бостандықтардың екі тобы бекітілген болатын. Олар азаматтық (өзіндік) құқықтар мен бостандықтар (мәселен, жеке адамға ешкімнің тиіспеуі, тұрғын үйге қол сұғылмауы, т.б.) және саяси құқықтар мен бостандықтар – сайлау құқығы, сөз, баспасөз еркіндігі, т.с.с.[6, 9 б.].

XX ғасырдың бірінші тоқсанында, әсіресе ортасында конституцияларда әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар блогы дүниеге келді (еңбек ету құқығы, білім алу құқығы, ғылым мен мәдени жетістіктерін пайдалану және т. с. с.). Бұл екінші толқын болатын.

XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған кең ауқымды проблемаларды шешуде үшінші толқынның әсері күшті болды. Соның салдарынан адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы ортаны қорғау құқығы, ақпарат құралдарын пайдалану құқығы және т.б.

Құқықтар мен бостандықтардың, со-

нымен бірге, міндеттердің дамуы, олардың шеңберінің тұрақты кеңеюі нақтылы топтастыруды қажетсінді. Әуел бастан-ақ құқықтарды, бостандықтарды адам құқығына және азамат құқығына бөлу керек деген болатын. Артынан бұларды басқаша да – адамның, азаматтың, жеке және ұжымдық құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне деп бөлуге болатындығы дәлелденді. Әрине, адамның және азаматтың көптеген құқықтары, бостандықтары мен міндеттері өзіндік сипаттарына қарағанда жеке-шелеу болатындығы белгілі, бірақ, мысалы ереуілге шығу құқығы жекешеден гөрі ұжымдық болатыны сөзсіз. Өйткені, жеке адамның ереуілге шығуы – бұл жұмыстан бас тарту, дәлелсіз себептермен жұмысқа шықпай қалу дегенді білдіреді [7, 302 б.].

Құқықтарды, бостандықтарды және міндеттерді негізгі және қосымша деп ажыратуға болады. Әрине, соңғы біріншісіне тәуелді. Мысалы: негізгі құқыққа азаматтың мемлекет ісін басқаруға қатысуы жатса, ал оның сайлауға құқығы, алдыңғылардан туындайды.

Құқықтарды, бостандықтарды және міндеттерді топтастырған уақытта ең бастысы оларды мәніне, мазмұнына қарай бөлу. Осыларды негізгі үш топқа бөлу принципі теорияда өз орнын тапты. Бірінші топ – бұл өзіндік немесе азаматтық құқықтар, бостандықтар мен міндеттер. Екіншісі – саяси. Үшіншісі – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, бостандықтар мен міндеттер.

Бұлардың әрқайсысына тоқталмастан бұрын Қазақстан Республикасындағы тұлғаның, жеке адамның құқықтық мәртебесіне көңіл аударған жөн.

Адамның қоғамдағы алатын орнын анықтауда мынадай принциптер ерекше рөл атқарады:

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі (ҚР Конституциясының 14-ба-

бының 1-тармағы). Құқық пен бостандықтың теңдігіне кепілдіктер адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайларға қарамастан іске асырылады. Және де тең құқықтықты сақтауға кепілдіктер беріледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық тіл немесе діни нанымдары белгілері бойынша шектеуге жол берілмейді. Құқықтың теңдігі (яғни тең құқықтық) экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің заңдарында әйел мен еркектің тең құқықтығын ерекше атап көрсетеді. Мысалы, әйелдерге білімге, қандай да болсын мамандыққа, олардың денсаулығына зиянды еңбектен басқасының бәріне еркектермен бірдей жол ашық. Қазақстанда тепе-тең еңбекақысын бірдей төлеу принципі дәйекті түрде жүзеге асырылуда. Қоғамдық өмірдің түрлі салаларында ерлермен бірдей жағдайға ие болып, әйелдер мемлекеттік басқару ісіне белсене араласуда.

2. Конституциялық құрылыс негіздеріндегі принциптің бірі – Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының толықтылығы. Жоғарыда сөз етілген бойынша Қазақстан төңірегінде әрбір азамат барлық құқықтар мен бостандықтарға ие (және тең конституциялық міндеттер атқарады). Ал шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың сондай құқықтары мен бостандықтары шектеулі.

3. Негізгі құқықтар мен бостандықтардың ажыратылмайтындығы және олардың заңсыз шектеуіне тыйым салынуы – бұл адам мәртебесі негіздерінің конституциялық бекітілуінің тағы да бір бастылығы. Қазақстан Республикасының Конституция-

сында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды», - делінген (12-бабының 2-тармағында). Бұл Республика Конституциясының және соған сәйкес келетін өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың нормаларымен белгіленген шеңберінде адам құқықтары мен бостандықтарының тізбегіне мемлекет кепілдік береді деген сөз.

Адамның бұл аталған құқықтары мен бостандықтарын абсолютті деп тану – олар Қазақстан Республикасында тұратын әрбір адамға оның Республика азаматтығында болу-болмауына қарамастан қолданылады дегенді білдіреді. Бұл құқықтар мен бостандықтардың ажырағысыздығы Конституция белгілеген құқықтар мен бостандықтардан Конституцияда және соған сәйкес қабылданған заңдарда көзделгеннен басқа жағдайларда адамды ешкім де, соның ішінде мемлекет те айыра алмайтындығын танытады. Біздің елімізде заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыларға қарай анықталады. Демек, қандай да болмасын, заңдардың адам мен адамзаттардың құқықтары мен бостандықтарын тежеуге немесе жойып жіберуге бағытталған кері әсері болмайды. Осыған байланысты мемлекет билігі үш тармағының жұмысында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін конституциялық негізде бекітуге (заң шығару), нақты іске асыруға (атқару) және тиісінше қорғауға (сот) айрықша мән беріледі [8, 125 б.].

Жаңа уақыт адамның құқығы мен бостандығы дүниеге өзімен бірге келетінін негіздейтін табиғи құқық идеяларының пайда болуымен сипатталды. Әртүрлі теориялық құрылымдар тұлға мен мемлекет қайшылығын еңсеру қажеттігін негіздеді. Адамның құқықтары мен бостандықтарына артықшылық беру қағидаларын жария

ету «адам-мемлекет» мәселесіне құрсаулық жүйе тұрғысынан түсінік беруден үзілді-кесілді бас тартуды білдіреді. Тоталитарлық жүйе кезінде адам орасан зор мемлекеттік машинаның титімдей бір бөлігіне айналады (бұл әсіресе Сталиннің жеке басына табыну жылдарында айрықша байқалды). Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін жаратылған, олардың қатынастарының ендігі басты қағидаты (1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында негізі қаланған) осындай. «Қымбат қазына» ұғымы конституциялық мәтінге енгеннен кейін іс жүзінде адамгершілік санат бола отырып, құқықтық санатқа да айналады және қоғам мүшелерінің баршасы үшін – мемлекет билігі қолында барларға да, жоқтарға да міндетті ереже болып табылады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Құқық үстемдігі нақты жүзеге асырылған кезде адам мен азаматтың құқықтырының сақталуына кепілдік беріледі. Бұл принципті мемлекет те, азаматтар да бұлжытпай орындауы қажет. Әсіресе мемлекеттік органдардың қызметшілерінің кәсіби құқықтық мәдениеті осы қағидатты орындауға үлкен рөл қосады деп ойлаймыз. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың негізі болып табылатын құқық үстемдігі барлық салаларда маңызды басымдық болып қалыптасуы қажет. Мемлекетіміздің қатарына қосылуды мақсат қылып отырған отыз озық елдің кәсіби құқықтық мәдениетті дамытудағы басты ұстанымдарының бірі – заңдылық принцип.

### **Қорытынды**

Адам құқықтары, құқық үстемдігі және әл-ауқаттың гүлденуі бір-бірімен тығыз байланысты. Азаматтары өздерінің бі-

лімдері мен біліктерін еркін түрде жүзеге асырып, тиісті құқықтық жағдай мен қорғау қамтамасыз етілген елдерде қарқынды даму орын алады. Ал керісінше заңсыздық, зорлық және жемқорлық болған елде даму болуы мүмкін емес.

Құқық үстемдігінің тұжырымдама ретіндегі мақсаты – адам құқықтарын қорғау. Құқық үстемдігінің мәні адамдар мен мемлекетке үстемдік жүргізу. Ол дегеніміз, әрбір адамның өзінің қоғамдағы мәртебесіне қарамай құқыққа бағынуы. Құқық үстемдігі құқыққа сәйкес қатынастарды жай ғана реттеп қана қою емес, ол әділеттілік пен экономикалық дамудың кепілі.

Осындан келіп туындайтын біздің ұсыныстарымызды назарға алу Қазақ еліндегі құқық үстемдігінің одан әрі дамуына, әділетті қоғам қалыптастыруға өзінің оң ықпалын тигізеді деп ойлаймыз:

- тұрғындардың құқықтық сауаттылығын жан-жақты көтеру, білім берудің бар-

лық деңгейінде адам құқықтары туралы элективті пәндер енгізіп, әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға тегін құқықтық көмек беру жүйесін дамыту;

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүйелі қорғау үшін негізделген әкімшілік әділет институтын тиімді пайдалану;

- адамдардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың қосымша мүмкіндігін қалыптастыру үшін жасанды интеллект тетіктерін қолдану.

Ғылыми зерттеудің ережелері Әділетті Қазақстан доктринасын, құқық үстемдігі, заң шығару процесі, мемлекеттік биліктің институттарын жетілдіру үрдісінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, құқық үстемдігі, әділетті қоғам туралы тұжырымдар мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық, салыстыстырмалы құқықтану және тағы басқа ғылымдардың даму бағытының негізін қалыптастыруда қолданылады.

### **Пайдаланылған қайнар көздер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 1995. 32 б.
2. Кенжалиев З.Ж. Конституция және қоғамдық сана // Егемен Қазақстан, 25 тамыз, 2005, 12 б.
3. Әбсаттаров М. Еуропалық сот – адамның құқығының қорғаушысы// Ақиқат, №8, 2006, 26 б.
4. Тасболатов А. Бостандық пен құқық кепілі // Егемен Қазақстан, 2007, 12б
5. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. -Алматы, 2004, 279 б.
6. Қосекеев К. Адам құқығы мен бостандығы – жедел іздестіру қызметінің басты қағидасы // Егемен Қазақстан , 2006, 9-б
7. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. -Алматы, 2003,302 б.
8. Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері. - Алматы, 2003, 125 б.

УДК 349.227

**ЕРОХИНА Татьяна Вячеславовна**

*Заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Саратов мемлекеттік заң академиясы еңбек құқығы кафедрасының доценті*

### **РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация.** *Мақалада қызметкердің еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау, тараптардың келісімі бойынша және өз қалауы бойынша еңбек шартын бұзу құқығы туралы еңбек заңнамасы мен сот практикасының ережелеріне жұмыс берушінің бұл туралы ескертуінің екі апталық мерзімі аяқталғанға дейін талдау жасалады. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғауды қолдану проблемаларына, қызметкердің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын жұмыстан шығаруға негіз болатын себептердің заңды тізбесінің болмауына, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын тоқтату тәртібін құқықтық реттеудің жеткіліксіздігіне назар аударылады. Зерттеу нәтижелері бойынша белгіленген мәселелерді нормативтік шешудің нұсқалары ұсынылды.*

**Түйін сөздер:** *еңбек заңнамасы; қорғау тәсілдерінің тиімділігі; еңбек құқықтары; еңбек құқықтарын қорғау; еңбек құқықтарын қорғау тәсілдері; өзін-өзі қорғау; сот арқылы қорғау; жұмысты тоқтата тұру.*

**ЕРОХИНА Татьяна Вячеславовна**

*Кандидат юридических наук, доцент, доцент кафедры трудового права, Саратовская государственная юридическая академия*

### **ВОПРОСЫ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОТДЕЛЬНЫХ СПОСОБОВ ЗАЩИТЫ ТРУДОВЫХ ПРАВ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ**

**Аннотация.** *В статье проводится анализ положений трудового законодательства и судебной практики о праве работника на самозащиту трудовых прав, на расторжение трудового договора по соглашению сторон и по собственному желанию до истечения двухнедельного срока предупреждения об этом работодателя. Обращается внимание на проблемы применения самозащиты работниками трудовых прав, на отсутствие легального перечня причин, служащих основанием для досрочного увольнения по инициативе работника, а также на недостаточность правового регулирования порядка прекращения трудового договора по соглашению сторон. По итогам исследования предложены варианты нормативного решения обозначенных проблем.*

**Ключевые слова:** *трудовое законодательство; эффективность способов защиты; трудовые права; защита трудовых прав; способы защиты трудовых прав; самозащита; судебная защита; приостановление работы.*

**EROKHINA Tatyana Vyacheslavovna***Candidate of Legal Sciences, Associate Professor Associate Professor of the Department of Labor Law Saratov State Law Academy*

## ISSUES OF THE EFFECTIVENESS OF CERTAIN WAYS OF PROTECTING LABOR RIGHTS IN THE RUSSIAN FEDERATION

**Annotation.** *The article analyzes the provisions of labor legislation and judicial practice concerning the employee's right to self-defense of labor rights, to terminate an employment contract by agreement of the parties and at his own request before the expiration of a two-week warning period to the employer. Attention is drawn to the problems of self-defense of labor rights by employees, the lack of a legal list of reasons serving as the basis for early dismissal at the initiative of the employee, as well as the insufficiency of legal regulation of the procedure for terminating an employment contract by agreement of the parties. Based on the results of the study, options for regulatory solutions to the identified problems were proposed.*

**Keywords:** *labor legislation; effectiveness of protection methods; labor rights; protection of labor rights; ways to protect labor rights; self-defense; judicial protection; suspension of work.*

### Введение

Надлежащая реализация гражданами права на труд, его защита и охрана имеют большое значение для укрепления законности и стабильности трудовых правоотношений [1, 44 с.]. Трудовое законодательство современной России предусматривает достаточно разнообразные способы для защиты трудовых прав граждан. Трудовой кодекс РФ не отдает предпочтения какому-либо правозащитному способу, не устанавливает приоритет одного способа перед другим, не содержит условия об обязательности досудебного урегулирования конфликтов, предоставляя гражданам свободу выбора любого доступного им варианта для защиты своих прав. Особый интерес среди способов защиты прав работников представляют самозащита и обращение в суд. При этом эффективность их применения не всегда достигает своей цели, в том числе по причине несовершенства правового регулирования как самого

правозащитного механизма, так и отношений, в рамках которых возникает потребность восстановления нарушенных прав.

Цель настоящей работы состоит в установлении правовой природы самозащиты как основного способа защиты трудовых прав работников системы здравоохранения, выявлении проблем его применения и поиске путей решения. Задачами исследования является проведение анализа нормативных положений и судебной практики по вопросам применения медицинскими работниками отдельных способов самозащиты трудовых прав, в том числе в связи с задержкой выплаты заработной платы, а также выработка на его основе предложения по оптимизации существующего правового регулирования по вопросам защиты трудовых прав.

### Материалы и методы

Методологическую основу исследования составили закономерности ди-

алектического материализма, а также совокупность общих и специальных методов познания.

В качестве общенаучных методов применялись анализ и синтез, индукция и дедукция, конкретизация, абстрагирование, системный, субстратный и структурный подходы. Среди частнонаучных методов были использованы сравнительно-правовой, формально-юридический, логический методы, а также описание и анализ документов.

### **Результаты и обсуждение**

Права и свободы в сфере труда, будучи частью основных прав и свобод человека, провозглашенных основным законом России в качестве высшей ценности, подлежат государственной защите. Более того, российская Конституция вменяет государству обязанность по защите прав и свобод человека и гражданина (ст. 2 Конституции РФ) [2].

Защита прав и свобод сторон трудового договора провозглашена в качестве цели трудового законодательства (ст. 1 ТК РФ), а ключевые принципы правового регулирования отношений, входящих в предмет трудового права, признают осуществление государственного контроля (надзора) за соблюдением государственных гарантий по обеспечению прав работников и работодателей; обеспечение права каждого на государственную, в том числе судебную защиту его трудовых прав и свобод; осуществление профсоюзного контроля за соблюдением трудового законодательства и иных актов, содержащих нормы трудового права (ст. 2 ТК РФ) [3]. Предусмотренность обозначенных положений в национальном трудовом законодательстве

обусловлена позицией Международной организации труда. Последняя, «считая, что защита работников является стержнем мандата Международной организации труда и соответствует принципам, заложенным в Декларации МОТ 1998 года об основополагающих принципах и правах в сфере труда, а также в Программе достойного труда», приняла рекомендации для государств-участников для разработки и применения национальной политики защиты работников в условиях индивидуального трудового правоотношения [4].

Следуя названным нормам, российское трудовое законодательство располагает целым рядом правозащитных механизмов, направленных на соблюдение и обеспечение трудовых прав и свобод. В их числе следует выделить специфические, законодательно установленные, свойственные лишь отрасли трудового права, способы защиты прав и свобод участников трудовых правоотношений. В частности, статья 352 ТК РФ к основным способам защиты трудовых прав и свобод относит самозащиту работниками трудовых прав, профсоюзную защиту трудовых прав и законных интересов работников, федеральный государственный контроль (надзор) за соблюдением трудового законодательства и судебную защиту.

Из названных способов защиты трудовых прав особого внимания заслуживают самозащита, как самый простой в применении, но при этом непопулярный и малоизученный правозащитный инструмент, и судебная защита, как наиболее распространенный, универсальный, эффективный, пользующийся высоким доверием граждан способ защиты.

Несмотря на столь полярные характеристики, оба способа защиты трудовых прав и свобод отнесены законодателем к основным, и являются в равной степени эффективными. Кроме того, защита трудовых прав как первым, так и вторым способом имеет свои несовершенства правоприменительного характера. Поэтому ни судебная защита, ни самозащита не могут гарантировать ни одной стороне трудового договора достижение желаемого результата.

Дело в том, что самой распространенной причиной неудач при применении рассматриваемых способов защиты трудовых прав является неверное толкование и, как следствие, неправильное применение тех или иных норм трудового законодательства. Однако нередко неудачи правозащитного толка обусловлены также несовершенством правового регулирования трудовых и иных, непосредственно связанных с ними отношений. Именно о них пойдет речь далее в настоящей работе.

Рассматривая проблемы применения самозащиты работником трудовых прав следует обратить внимание на тот факт, что данный способ имеет ограниченный перечень оснований его применения. В частности, право на самозащиту возникает при наступлении следующих обстоятельств: требование выполнения работы, не предусмотренной трудовым договором (ч.1 ст. 379 ТК РФ); задержка выплаты заработной платы на срок более 15 дней (ч.2 ст. 142 ТК РФ); непосредственная угроза жизни и здоровью работника (ст. 219, ч.1 ст. 379 ТК РФ).

Особого внимания заслуживает вопрос о формах самозащиты работников.

